

**«БЕКІТЕМІН»**

Қожа Ахмет Ясауи атындағы  
Халықаралық қазақ-түрік университетінің  
Президенті \_\_\_\_\_ У.С.Абдибеков  
«\_\_\_» \_\_\_\_\_ 201\_\_ ж.

**САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ**

**УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ**

*УЕ-ХҚТУ-030-2014*

**МАМАНДЫҚ БОЙЫНША БІЛІМ БЕРУ  
БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
СТРАТЕГИЯСЫН ӘЗІРЛЕУ ЕРЕЖЕСІ**

**АЛҒЫ СӨЗ**

1. Академиялық мәселелер жөніндегі департаментпен  
ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
2. Әзірлеген – Департамент директоры Н.Орманов  
Әдістемелік бөлім бастығы Б.Ортаев
3. Келісілді – Оқу-әдістемелік ісі бойынша вице-президент  
Б.Б.Ахметов  
– Аккредитация, рейтинг және сапа басқармасының  
бастығы Е.Шахабаев  
Құқық және экономикалық қадағалау департаментінің  
директоры А.Абсеметов
4. ЕНГІЗІЛДІ – 2014
5. Тексеру мерзімі – 2016

**Қызметтік қолданыс үшін басылым**

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		УЕ-ХҚТУ-030-2014
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
<b>Мамандық бойынша білім беру бағдарламаларының педагогикалық стратегиясын әзірлеу ережесі</b>		14 беттің 2 –ші беті

### МАЗМҰНЫ

1	Қолданылу саласы	3
2	Нормативтік сілтемелер	3
3	Атаулар, анықтамалар және қысқартулар	4
4	Жауапкершілік және өкілеттілік	4
5	Жалпы ережелер	4
6	МБББПС құрылымы	5
7	МБББПС әзірлеу тәртібі	5
8	МБББПС құраушыларының мазмұнына қойылатын талаптар	6
9	МБББПС рәсімделуіне қойылатын талаптар	9
10	МБББПС әзірлеу және бекіту тәртібі	9
11	МБББПС талаптарын сақтауға бақылау	9
12	Қосымшалар	10
13	Танысу парағы	14

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		УЕ-ХҚТУ-030-2014
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
<b>Мамандық бойынша білім беру бағдарламаларының педагогикалық стратегиясын әзірлеу ережесі</b>		14 беттің 3 –ші беті

## 1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 Бұл ереже Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде (бұдан әрі - университет) мамандық бойынша білім беру бағдарламасының педагогикалық стратегиясының құрастырылуына, мазмұнына, рәсімделуіне және оның әзірленуі мен бекітілуіне қойылатын талаптарды анықтайды.

1.2 Бұл ереже университетте мамандық бойынша білім беру бағдарламасының педагогикалық стратегиясының құрастырылуына, мазмұнына, рәсімделуіне және оның әзірленуі мен бекітілуіне қойылатын талаптарды жүзеге асыруда негізгі құжат болып табылады.

1.3 Университеттің осы ережесі, университетте мамандық бойынша білім беру бағдарламасының педагогикалық стратегиясының құрастырылуына, мазмұнына, рәсімделуіне және оның әзірленуі мен бекітілуіне қойылатын талаптар мамандық дайындайтын құрылымдарда міндетті түрде енгізілуі және орындалуы тиіс.

1.4 УЕ ХҚТУ-030-2014 ережесі университеттің СМЖ құжаттарының құрамына кіреді.

## 2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1 Осы мамандық бойынша білім беру бағдарламаларының педагогикалық стратегиясын әзірлеу мен бекіту ережесінде келесі нормативтік құжаттарға сілтеме жасалған:

- Қазақстан Республикасы 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» заңы;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 18 наурызындағы № 125 бұйрығымен бекітілген «Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі ережесі»;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 Қаулысымен бекітілген «Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты»;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 Қаулысымен бекітілген «Жоғары білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары»;
- Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім мамандықтарының жіктеуіші ҚР МЖ 08-2009;
- Университет Жарғысы;
- Регламенттер;
- ҚП ХҚТУ-4.2.3-2009 Құжаттаманы басқару;
- ҚП ХҚТУ-4.2.4-2009 Жазбаларды басқару;
- УС-ХҚТУ-022-2014 Мамандықтар мен пәндердің оқу-әдістемелік кешендерінің құрылымы, мазмұны, дайындау және бекіту тәртібі;
- ЖН-СМЖ-065-2013 Мамандықтың негізгі оқу жоспарын дайындау;
- УЕ-ХҚТУ-013-2014 Модульдер (пәндер) каталогін әзірлеу ережесі;
- УЕ-ХҚТУ-028-2014 Пәннің жұмыс бағдарламасын әзірлеу ережесі;
- УЕ-ХҚТУ-029-2014 Силлабустарды әзірлеу ережесі;
- ЖН-СМЖ-013-2014 Лекция, практикалық (семинар), лабораториялық сабақтарды ұйымдастыру мен өткізу ережесі;
- УЕ-ХҚТУ-014-2014 Курстық жұмыстарды әзірлеу мен рәсімдеуге қойылатын талаптар.

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		УЕ-ХҚТУ-030-2014
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
<b>Мамандық бойынша білім беру бағдарламаларының педагогикалық стратегиясын әзірлеу ережесі</b>		14 беттің 4 –ші беті

### 3 АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

3.1 Университеттің осы ережесінде төмендегі атаулар, анықтамалар және қысқартулар қолданылады:

Университет – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті;

Құзыреттер – бұл белгілі саладағы нәтижелі іс-әрекет үшін білімді, білікті және жеке тұлғалық сапаларды қолдана білу қабілеті;

Педагогикалық стратегия – білім беру/оқыту нәтижелерін анықтайтын және оған конструкцияланған (құзыреттерге негізделген) білім беру бағдарламалары құралдарымен жетуге бағытталған білім беру моделі;

Ереже – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің мамандықтары бойынша білім беру бағдарламаларының педагогикалық стратегиясын әзірлеу ережесі;

ҚР МЖМБС - Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарты;

ЖБМЖМС - Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

ЖБКМЖМС - Жоғары білімнен кейінгі мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

УЕ – университет ережесі;

Департамент – Академиялық мәселелер жөніндегі департамент;

АРСБ – Аккредитация, рейтинг және сапа басқармасы;

ЖБКБИ - жоғары білімнен кейінгі білім беру институты;

ӘБ – Әдістемелік бөлім;

ЖКБ - жоғары кәсіптік білім беру;

ҚНББ - құзыреттерге негізделген білім беру бағдарламасы;

ПС - педагогикалық стратегия;

МБББПС - мамандық бағыты бойынша білім беру бағдарламаларының педагогикалық стратегиясы;

ОӘК - оқу-әдістемелік кешен;

### 4 ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІЛІК

4.1 Университеттің осы ережесі Басқару кеңесінде талқыланады.

4.2 Осы ереже университет Сенаты мәжілісінде бекітіледі.

4.3 УЕ талаптарының енгізілуіне Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры, жоғары білімнен кейінгі білім беру институтының директоры жауапты болып табылады.

4.4 Университеттің осы ережесі талаптарының орындалуын қадағалау оқу-әдістемелік ісі жөніндегі вице-президент қадағалайды.

4.5 Мамандық бойынша педагогикалық стратегияны әзірлеу мен бекітуге қабылданған шешімнің және барлық деректердің объективтілігі мен дәйектілігі туралы жауапкершілік кафедра меңгерушісіне жүктеледі.

4.6 МБББПС жүзеге асырылу сапасына кафедра меңгерушісі мен факультет деканы жауапты болып табылады.

### 5 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		УЕ-ХҚТУ-030-2014
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
<b>Мамандық бойынша білім беру бағдарламаларының педагогикалық стратегиясын әзірлеу ережесі</b>		14 беттің 5 –ші беті

5.1 Ереже нақты мамандық бойынша жоғары кәсіптік білім берудің құзыреттерге негізделген бағдарламасын жүзеге асырудағы мазмұны мен жалпы ұйымдастыру-әдістемелік талаптарды анықтаушы негізгі құжат болып табылады.

5.2 Құзыреттерге негізделген МБББПС жоғары кәсіптік білім беретін ҚР МЖМБС, салалық стандарттарға, кәсіптік стандарттарға, университеттің материалдық-техникалық базаларына, арнайы оқу және оқу-әдістемелік әдебиеттер мен қалыптасқан Еуропалық жоғары білім беру тәжірибелеріне, жұмыс берушілердің, бітірушілердің талаптарына сәйкес әзірленеді.

5.3 МБББПС құрастыру, мазмұндау және рәсімдеу ҚР СТ 1.5-ке сәйкес болуы қажет.

5.4 Жоғары білім мамандықтары шеңберінде университет Ұлттық біліктілік аясында, кәсіптік стандарттарға сәйкес және Дублин дескрипторлары мен Еуропалық біліктілік шеңберіне үйлестірілген МБББПС өз бетінше әзірлейді.

5.5 МБББПС - университетте дайындық (мамандық) бағыты (бакалавриат, магистратура, докторантура) бойынша жүзеге асырылатын еңбек нарығы (жұмыс берушілердің), бітірушілердің талаптарын, Еуропалық жоғары білім беру тәжірибелерін, мамандық бойынша МЖМБС нұсқауларын қамтыған құжаттар жүйесі болып табылады.

5.6 МБББПС мақсаттарды, күтілетін нәтижелерді, білім беру үдерісі мазмұнын және жүзеге асыру технологиясын, дайындық (мамандық) бағыты бойынша бітірушінің дайындық сапасын бағалауды регламенттейді.

## **6 МБББПС ҚҰРЫЛЫМЫ**

Құзыреттерге негізделген білім беру бағдарламасы бойынша педагогикалық стратегияның құрылымы:

6.1 Мамандық коды (шифры) және атауы.

6.2 Берілетін академиялық дәреже.

6.3 Оқу мерзімі.

6.4 Оқу тілі.

6.5 Мамандық даярлығы жүзеге асырылатын факультет атауы.

6.6 Маман даярлаушы кафедра атауы.

6.7 Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері.

6.8 Білім беру бағдарламаларына түсушілерге қойылатын талаптар.

6.9 Күтілетін оқыту нәтижелері.

6.10 ҚНББ модульдері.

6.11 Қалыптастыратын құзыреттердің ҚНББ модульдеріне және пәндеріне сәйкестік матрицасы.

6.12 ҚНББ жүзеге асырудағы оқыту технологиялары мен әдістері.

6.13 ҚНББ оқыту нәтижелерін бағалау.

## **7 МБББПС ӘЗІРЛЕУ ТӘРТІБІ**

7.1 МБББПС әзірлеу алдын факультет (кафедра) болжамды дайындық бағыты (бакалавриат, магистратура, докторантура) бойынша ЖҚБ ҚНББ салаларын, мамандануын анықтайды және оларды университет Сенатында бекітеді.

7.2 Факультет деканы факультетте жүзеге асырылатын МБББПС әзірлеу және құрастыру үшін жұмысшы тобы жөніндегі өкім шығарады.

7.2.1 Жұмыс тобына жалпы басшылықты факультет деканы немесе оқу ісі жөніндегі декан орынбасары жүзеге асырады.

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		УЕ-ХҚТУ-030-2014
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
<b>Мамандық бойынша білім беру бағдарламаларының педагогикалық стратегиясын әзірлеу ережесі</b>		14 беттің 6 –ші беті

7.2.2 Жұмыс тобы құрамына мамандықты шығаратын кафедра меңгерушісі, білікті оқытушылар, факультеттің оқу-әдістемелік кеңес мүшелері енеді.

7.2.3 МБББПС әзірлеу Департамент, АРСБ және ЖБКБИ қызметкерлерімен бірге жүзеге асырылады және олардың тұрақты бақылауында болады.

7.2.4 Жұмыс тобы дайындық бойынша олардың өзгешеліктерін, ғылыми мектептің ерекшеліктерін, еңбек нарығының сұранысын ескерумен бағдарламаның басты мақсатын, ҚНББ мақсатын анықтауы қажет.

7.2.5 Егер МБББПС әзірлеу кезінде оқу жоспарына жаңа пәнді енгізу және ол бойынша ОӘК құрастыру туындаса, жұмыс тобы оқу пәні бойынша Оқу-әдістемелік кеңес жөніндегі Ережені басшылыққа алуы қажет.

7.2.6 Университет Сенатында (Басқару кеңесінде) МБББПС бекіту үшін жұмыс тобы кафедра атынан қызмет хатпен шығады.

7.3 Мамандықтар бойынша ҚР МЖМБС, ЖБМЖМС, ЖКБ ҚНББ негізінде әзірленетін МБББПС осы ереженің 6-тармағында көрсетілген құрылыммен сәйкес дайындалады. МБББПС әзірлеу ережесі нұсқау сипатында болады.

7.4 МБББПС дайындық бағыттары (бакалавриат, магистратура, докторантура) мен салалары бойынша жеке дайындалады.

7.5 МБББПС әрбір оқу жылында негізгі оқу жоспарында анықталған модульдердің (пәндердің) ОӘК мазмұны, оқу және өндірістік практика бағдарламалары, ғылым, техника, мәдениет, экономика, технология және әлеуметтік саланың дамуы есебінен білім беру технологияларына сәйкес жүзеге асыруды қамтамасыз ететін әдістемелік материалдар құрамының бөлігіне байланысты жаңартылады.

7.6 МБББПС мазмұнына енетін құжаттар кешенінің әзірленуіне, қалыптастырылуына және сақталуына мамандық шығаратын кафедра (факультет) жауапты болып табылады.

## **8 МБББПС ҚҰРАУШЫЛАРЫНЫҢ МАЗМҰНЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

### **8.1 Мамандық коды және атауы**

8.1.1 Кафедра жауапты болып табылатын, университетте даярланатын мамандық бағытының коды мен атауы ҚР БҒМ бекіткен жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім мамандықтарының жіктеуішіне байланысты жазылады.

### **8.2 Берілетін академиялық дәреже**

8.2.1 ҚНББ толықтай орындағаннан кейін білім алушының алатын академиялық дәрежесі ЖБМЖМС және мамандықтың МЖМБС сәйкес келетін академиялық дәреже жазылады.

### **8.3 Оқу мерзімі**

8.3.1 ҚНББ меңгеру мерзімі дайындық (мамандық) бағыты бойынша ЖБМЖМС және университеттегі мамандықтар бойынша лицензияға сәйкес нақты оқыту формалары үшін жылмен көрсетіледі.

### **8.4 Оқу тілі**

8.4.1 Университетте дайындалатын мамандық (дайындық) бағыты мен бейіні жүзеге асырылатын оқыту/оқу тілдері көрсетіледі.

### **8.5 Мамандық даярлығы жүзеге асырылатын факультет атауы**

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		УЕ-ХКТУ-030-2014
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
<b>Мамандық бойынша білім беру бағдарламаларының педагогикалық стратегиясын әзірлеу ережесі</b>		14 беттің 7 –ші беті

8.5.1 Университетте дайындалатын мамандық (дайындық) бағыты мен бейіні жүзеге асырылатын факультет атауы көрсетіледі.

## **8.6 Маман даярлаушы кафедра атауы**

8.6.1 Дайындық бағыты (мамандық) бойынша іс-құжаттарға, ҚНББ және бейіндік бағыты бойынша оқу-тәрбие, ұйымдастыру-әдістемелік, ғылыми-зерттеу жұмыстарына жауапты кафедра атауы көрсетіледі.

## **8.7 Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері**

8.7.1 МБББПС білім алушының жеке тұлғалық сапасын дамытуды, сондай-ақ, дайындық (мамандық) бағыты бойынша ҚНББ талаптарына сәйкес жалпымәдени әмбебап (жалпығылыми, әлеуметтік-жеке тұлғалық, инструментальды) және кәсіби құзыреттерді қалыптастыруды мақсат етеді. Білім беру/оқыту саласындағы сияқты ҚНББ мақсатын қалыптастыру білім алушылар тобының сипаттамасына, еңбек нарығы сұраныстарына, МБББПС нақты өзгешелігіне сәйкес жүзеге асады.

## **8.8 Білім беру бағдарламаларына түсушілерге қойылатын талаптар**

8.8.1 Бакалавриат мамандығы үшін талапкердің жалпы орта (толық) білімі немесе орта кәсіптік білімі туралы мемлекеттік үлгідегі құжаты болуы қажет. Ұлттық бірыңғай тест нәтижелерінен көрсеткіші белгіленген мөлшерден жоғары болуы және оны растайтын құжаты болуы тиіс.

8.8.2 Дайындық (мамандық) бағыттарының ерекшеліктеріне сәйкес кейбір бакалавриат (мамандық) бағдарламасы бойынша оқытуға қабылдау кезінде шығармашылық емтихандар өткізілуі мүмкін.

8.8.3 Жоғары кәсіби білімі бар тұлғалар үшін және магистрлік, докторлық бағдарламаны меңгерушілер үшін оқуға түсу тапсыратын сынақ емтихандары нәтижесі бойынша жүзеге асырылады. Мамандық бағыты бойынша магистрлік, докторлық бағдарламаны меңгеру үшін қажетті құзыреттерді түсушілерде анықтау мақсатында сынақ тапсырмаларын университеттің өзі әзірлейді.

## **8.9 Күтілетін оқыту нәтижелері**

Мамандықты бітіргендегі маманның білімі, білігі мен жеке басының сапалық қасиетінің сұлбасы сипатталады.

Бітірушілерге қойылатын жалпы талаптар білім беру мазмұнына сәйкес болуы және жалпыланған басты оқыту нәтижелері көрсетіледі.

8.9.1 ҚНББ меңгеру үдерісінде бітірушілерде қалыптастырылатын құзыреттер дайындық (мамандық) бағыты ЖБМЖМС Ұлттық біліктілік шеңберіне, кәсіптік стандарттарға сәйкес және Дублин дескрипторларымен және Еуропалық біліктілік шеңберімен үйлестірілген/сәйкестендірілген білім беру бағдарламалары, жұмыс берушілердің ұсынысы негізінде анықталады.

Жоғары кәсіби білім беруде қалыптастырылатын құзыреттер: кәсіби міндеттерді шешумен тікелей байланысты емес, бірақ кәсіби іс-әрекеттің сәттілігін қамтамасыз ететін – жалпымәдени (жалпы, әмбебап) және оқытудың білім саласының ерекшелігімен тығыз байланысты пәндік-мамандандырылған құзыреттер көрсетіледі.

Жалпымәдени құзыреттер

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		УЕ-ХҚТУ-030-2014
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
<b>Мамандық бойынша білім беру бағдарламаларының педагогикалық стратегиясын әзірлеу ережесі</b>		14 беттің 8 –ші беті

Жалпымәдени құзыреттер топтамасы дайындық бағыты бойынша барлық мамандықтар үшін жалпы болып табылады немесе болуы мүмкін. Жалпымәдени құзыреттердің құрамында инструментальды, жеке тұлғалық, жүйелілік құраушылар болады.

8.9.2 Кәсіби (жалпыкәсіби, пәндік) құзыреттер

Кәсіби құзыреттер мамандықтың іс-әрекет бағытымен байланысты анықталады.

Құзыреттерге сәйкес оқыту нәтижелері пәннің жұмыс бағдарламасында (УЕ-ХҚТУ-028-2014) және модульдер (пәндер) каталогінде (УЕ-ХҚТУ-013-2014) ашылып жазылады.

8.9.3 Құзыреттілікке бағдарланған оқытудың соңғы нәтижелері үш құраушыға сәйкес көрсетіледі: білімдік, іс-әрекеттік және құндылық құраушылар саласы. Сондай-ақ, оқыту нәтижелері мамандық бойынша меңгеру деңгейлеріне сәйкес жазылады. Олардың нақтылануы пәннің жұмыс бағдарламасында (УЕ-ХҚТУ-028-2014) жүзеге асырылады.

### **8.10 ҚНББ модульдері**

ҚНББ құрылымдық элементі НОЖ модульдер және оларды құраушы модульдер (пәндер) атауы, мазмұны және кредиттер мөлшері көрсетіледі. Модульдерді қосымша В-ға сәйкес рәсімдейді.

### **8.11 Қалыптастыратын құзыреттердің ҚНББ модульдеріне және пәндеріне сәйкестік матрицасы**

8.11.1 МБББПС жобалауда талап етілетін құзыреттерге және оларды қалыптастыратын ҚНББ құраушы модульдерге және пәндерге сәйкестікте матрицасы әзірленеді.

8.11.2 Қалыптастырылатын құзыреттердің басым көпшілігі жекелеген пәндер бойынша жүзеге асырылмайды, сол себепті, модульдерде, бірнеше пәндер мазмұнында, іске асатыны назарға алынады.

8.11.3 Құзыреттер әртүрлі пәндерді зерделеу кезінде, сондай-ақ практикалық және өзіндік жұмыстың әртүрлі формаларында қалыптастырылады. Айтылған матрицаны әзірлеу кезінде үлгі пайдаланылады (қосымша Г).

8.11.4 Оқыту үдерісінде қалыптастырылу жоспарланатын құзыреттер мазмұнын оқу пәндері құрамы мен олардың бағдарламасы мазмұны анықтайды. Сондықтан да, университетте бағдарланған жұмыстарға, қалыптасқан еңбек нарығына байланысты бітірушінің біліктілік-құзыреттік сұлбасын толықтыру мен нақтылау әрбір МБББПС қарастырылады.

### **8.12 ҚНББ жүзеге асырудағы оқыту технологиялары мен әдістері**

8.12.1 Оқыту технологиясы мен әдістері білім беру технологиясының құраушылары болып табылады. Білім беру технологиясы жоспарланған оқыту нәтижелерін, оқыту формаларын, білім алушы мен оқытушының өзара ықпал ету тәртібін, оқыту әдістері мен құралдарын, оқыту үдерісінің ағымдағы жағдайын және білім алушының меңгеру дәрежесін диагностикалауды қамтиды.

8.12.2 Дайындық бағытындағы жалпымәдени және пәндік саладағы оқытудың сұранысқа ие оқыту технологиялары көрсетіледі.

8.12.3 Оқыту әдістері ретінде оқыту мақсатына қолжеткізуге бағытталған оқытушы мен білім алушылардың бірлескен іс-әрекет тәсілдері көрсетіледі.

### **8.13 ҚНББ оқыту нәтижелерін бағалау**

8.13.1 Оқыту нәтижелерін бағалау – аттестаттау түрлері мен бағалау құралдары арқылы жүзеге асырылады.



<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		<b>УЕ-ХКТУ-030-2014</b>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
<b>Мамандық бойынша білім беру бағдарламаларының педагогикалық стратегиясын әзірлеу ережесі</b>		<b>14 беттің 9 –ші беті</b>

8.13.2 Бағалау формалары білімдік (когнитивті), іс-әрекеттік (операциялық) және құндылық қатынастарды (аксиологиялық) құраушыларды қамтиды. Бағалау формалары оқыту нәтижелерін құраушыларға сәйкес жүзеге асырылады. Бағалау объектісі және оған қойылатын талаптар пәннің жұмыс бағдарламасында көрсетіледі (УЕ-ХКТУ-028-2014).

## **9 МБББПС РӘСІМДЕЛУІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

9.1 МБББПС беттерін ресімдеуге қойылатын талаптар МБББПС бірінші бетін қосымша А-ға сәйкес рәсімдейді және екінші беті қосымша Б-ға сәйкес рәсімделеді.

## **10 МБББПС ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ТӘРТІБІ**

10.1 МБББПС нақты сала мамандарын даярлауды қамтамасыз ететін, мамандыққа жауапты кафедра дайындайды, факультет кеңесінде талқыланады.

МБББПС АРСБ эксперттен өткеннен кейін университеттің оқу ісі жөніндегі вице-президентпен, АРСБ бастығымен, Құқық және экономикалық қадағалау департаментінің директорымен келісіледі және университет сенатында бекітіледі.

10.2 МБББПС жұмыс берушілердің, бітірушілердің және білімгерлердің талап тілегіне және ҚР БҒМ дайындаған нормативтік құжаттарға сәйкес қайта қарастырылу және (немесе) мамандықтың (бағыттың) оқу жоспарлары қайта өңделуі (өзгеруі) мүмкін.

10.3 МБББПС кафедра іс-құжаттарында – дайындаушыларда қағаз және (немесе) электронды тасымалдағышта (нұсқасы) және университеттің АРСБ, әдістемелік бөлімде - электрондық тасымалдағышта сақталады.

## **11 МБББПС ТАЛАПТАРЫН САҚТАУҒА БАҚЫЛАУ**

11.1 МБББПС талаптарын сақтауға бақылауды:

- факультеттің оқу-әдістемелік комиссия төрағасы/төрайымы;
- университеттің АРСБ, Департамент (оқу, әдістемелік бөлімдері), ЖБКБИ қызметкерлері жүзеге асырады.

11.2 МБББПС талаптарын сақтамағаны үшін кафедра меңгерушісіне және университет қызметкерлеріне ХКТУ ішкі нормативтік құжаттарында көрсетілгендей тәртіптік шара қолданылады.

## **КЕЛІСІЛДІ**

**Оқу-әдістемелік ісі жөніндегі вице-президент**

**Б.Б.Ахметов**

**Аккредитация, рейтинг және сапа басқармасының бастығы**

**Е.Ш.Шахабаев**

**Құқық және экономикалық қадағалау**

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		УЕ-ХКТУ-030-2014
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
<b>Мамандық бойынша білім беру бағдарламаларының педагогикалық стратегиясын әзірлеу ережесі</b>		14 беттің 10 –ші беті

департаментінің директоры

А.Абсеметов

Ф-ОБ-001/187

Қосымша А

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК  
УНИВЕРСИТЕТІ**

Университет Сенаты  
мәжілісінде бекітілді  
Хаттама № \_\_ «\_\_» \_\_\_\_ 201\_\_ ж.  
Сенат төрағасы  
\_\_\_\_\_ У.С.Абдибеков

**МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СТРАТЕГИЯСЫ**

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		УЕ-ХҚТУ-030-2014
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
<b>Мамандық бойынша білім беру бағдарламаларының педагогикалық стратегиясын әзірлеу ережесі</b>		14 беттің 11 –ші беті

Түркістан – 2014

Қосымша Б

\_\_\_\_\_ бойынша білім беру  
(мамандық коды мен атауы)  
бағдарламасының педагогикалық стратегиясы Ахмет Ясауи университетінің \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ кафедрасында дайындалды.  
(кафедра атауы)

**Әзірлегендер:**

_____ (ғылыми атағы мен дәрежесі)	_____ (ПОҚ аты, жөні)
_____ (ғылыми атағы мен дәрежесі)	_____ (ПОҚ аты, жөні)
_____ (ғылыми атағы мен дәрежесі)	_____ (ПОҚ аты, жөні)

\_\_\_\_\_ кафедрасының мәжілісінде талқыланды.  
Хаттама № \_\_\_\_, « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 201 ж.

\_\_\_\_\_ факультеттің оқу-әдістемелік кеңесінде талқыланды.  
Хаттама № \_\_\_\_, « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 201 ж.

Педагогикалық стратегия факультеттің Ғылыми Кеңесінде ұсынылды.  
Хаттама № \_\_\_\_, « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 201 ж.

\_\_\_\_\_ факультетінің деканы,  
(факультеттің атауы) \_\_\_\_\_  
(ғылыми атағы мен дәрежесі) \_\_\_\_\_ (аты, жөні)

\_\_\_\_\_ кафедрасының меңгерушісі,  
(кафедраның атауы) \_\_\_\_\_  
(ғылыми атағы мен дәрежесі) \_\_\_\_\_ (аты, жөні)

\_\_\_\_\_ факультетінің ОӘК төрағасы/төрайымы,

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		УЕ-ХҚТУ-030-2014
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
<b>Мамандық бойынша білім беру бағдарламаларының педагогикалық стратегиясын әзірлеу ережесі</b>		14 беттің 12 –ші беті

(факультеттің атауы)

\_\_\_\_\_ (ғылыми атағы мен дәрежесі)

\_\_\_\_\_ (аты, жөні)

**Қосымша В**  
**Негізгі оқу жоспарындағы модульдерге үлестірілетін кредиттер саны**

МОДУЛЬДЕР АТАУЫ	МАЗМҰНЫ	КРЕДИТТЕР САНЫ
<b>Негізгі міндетті модульдер</b>	Мемлекеттік міндетті модуль (* кредит)	*
	Әлеуметтік-коммуникативтік модуль (* кредит)	*
<b>Кәсіби модульдер блогы</b>	Жаратылыстану-ғылыми (STEM) модулі (* кредит)	*
	Базалық кәсіптендіру модулі (* кредит)	*
	Жеке білім траекториясының модульдері (* кредит)	*
<b>Тасымалданатын модульдер</b>	Пәнаралық модуль (* кредит)	*
	Практикалар (оқу, өндірістік, педагогикалық);	*
	МЕ, Диплом жұмысын қорғау	*

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		УЕ-ХКТУ-030-2014
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
<b>Мамандық бойынша білім беру бағдарламаларының педагогикалық стратегиясын әзірлеу ережесі</b>		14 беттің 13 –ші беті

### Қосымша Г

Қалыптастыратын құзыреттер мен ҚНББ құраушы бөліктеріне (модульдерге, пәндерге) сәйкестіктегі матрица

Құзыреттер	Модульдер (пәндер)								
	Мемлекеттік міндетті модуль					Әлеуметтік-коммуникативтік модуль			
	Қазақстан тарихы	Қазақ (өрыс) тілі	Шетелділі	Философия	Түркі халықтарының тарихы	Тұлғааралық коммуникация психологиясы	Теориялық және қолданбалы саясаттану	Жеке және әлеуметтік өрлеуді этикасы	Мәдениет және дін
Жалпымәдени құзыреттер (ЖҚ1)	+	+	+	+	+	+	+	+	+
ЖҚ2	+	+			+		+	+	+
ЖҚ3	+	+	+	+		+	+	+	+
ЖҚ4	+					+			
ЖҚ5			+		+	+	+	+	+
.....									
КК1									
КК2									
КК3			+					+	
.....									

+ - меңгерілетін құзыреттер



<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		<b>УЕ-ХКТУ-030-2014</b>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
<b>Мамандық бойынша білім беру бағдарламаларының педагогикалық стратегиясын әзірлеу ережесі</b>		<b>14 беттің 15 –ші беті</b>


Ahmet Yasaui University